

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 27 қыркүйек N 1062

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны оны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекітсін;

2) Қоғамның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) Қоғам мемлекеттік тіркелгеннен кейін Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне берсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 27 қыркүйектегі
N 1062 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-30-жолмен толықтырылсын:

"21-30 "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :
көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 160-14-жолмен толықтырылсын:

"160-14 "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ".

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 602 қаулысымен.

6. "Акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (ұлттық компаниялардың) кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 тамыздағы N 1098 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 30, 389-құжат):

1) 1-тармақтың бірінші абзацындағы "Эйр Қазақстан" деген сөздерден кейін " Астана халықаралық әуежайы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 2-тармақтағы "Астана халықаралық әуежайы" деген сөздер алынып тасталсын.

7. "Астана қаласында халықаралық әуежайды қайта жаңарту" жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 маусымдағы N 611 қаулысына :

3-тармақта "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны" деген сөздер "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына" деген сөздер "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына" деген сөздер "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамына" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың үшінші абзацында "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынымен" деген сөздер "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК